

# Теоретические и экспериментальные исследования

ӘОЖ 582.4: 633.88 (574.4)

Ж. Т. ИГІСІНОВА

## БИК ТЕГЕУРІНГҮЛ (DELPHINIUM ELATUM L.) МЕН АҚЕЗУ БӘРПІНІЦ (ACONITUM LEUCOSTORIUM WOROSCH.) ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРИ

(С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Өскемен қаласы)

Биік тегеурінгүл мен ақезу бәрпінің бірінші жылдың жартысындағы даму ыргазы негізінен ұқсас келеді. Дегенмен, биік тегеурінгүл ақезу бәрпіге қараганда күн көзі мол түсестін ашиқ, тонырақтары ылғал молшері томендеу жасадайда тіршілік ететіндіктен, бірінші жылдың екінші жартысынан негізгі тамыры қарқынды дамып, тоныраққа тереңдей еніп, кіндік тамыр жүйесі қалыптасады. Орман саясында және биік бутақаралған арасында ылғалы мол жерлерде өсептін ақезу бәрпінің негізгі тамырының бас (базалды) жасынан өсіп шықкан өте көп молшердегі жанама тамырлар шашақталып кіндік тамыр жүйесі түзіледі. Олар то-

нырақтың беткі қабатында орналасады.


Табиғи ортада аталмыш өсімдіктердің тұқымдары ауа райы мен тіршілік ету оргасына байланысты шілде – тамыз айларында пісіп жетіледі. Тоныраққа түсken тұқымдар алғашқы жылдың кысында страфикациялық кезеңнен өтіп, келесі жылдың көкек айында өне бастайды. Биік тегеурінгүлдін сопак пішінді тұқымжарнағы нағыз жапырақтармен катар сақталса, ақезу бәрпінің тұқымжарнағы тамыр мойнындағы нағыз жапырақ шығысымен қурап түсіп калады.

Көкек айының ортасында биік тегеурінгүлдің (*Delphinium elatum L.*) телімді жапырағы ұзындығы – 0,4 см, ені – 0,6 см, сағағының ұзындығы – 0,8 см жетеді. Эпикотиль ұзындығы – 0,5 см, гипокотиль ұзындығы – 0,1 см. Негізгі тамыр бірден тоныраққа тереңдеп бойлап, 3 см-ге дейін ұзарып өседі. Жанама тамырлар алғашқы нағыз жапырақ шығысымен-ақ пайда болады, оның ұзындығы – 0,7 см. Мамырдың басында жапырақтар саны артып, жер асты вегетативтік мүшесі де өседі. Осы кезде жапырақ сағағының ұзындығы – 12,2 см-ге жетсе, жапырақ алақанының көлемі 4,3 ө 2,6 см болады (1-сурет, а-з).

Мамыр айының аяғынан бастап биік тегеурінгүлдің вегетативтік мүшелері қарқынды ұзарагып өсе бастайды да, бір өсімдік данасында 8-10 жапыраққа түзіледі. Тамырдың базалды бөлімі – 0,5-1 см дейін жуандап, тоныраққа 17 см-ге дейін тереңдеп енеді. Бірінші реттік жанама тамыр ұзындығы – 8-9 см, екінші реттік жанама тамыр ұзындығы – 0,5-0,7 см-ге жетеді. Тамырдың торлы құрылтысы айқын байқалып, кейбір дарактарда парткуляция үрдісі жүретіндіктен негізгі тамыр екі басты кейіпке

ие болады. Жапырақ ені – 8 см, ұзындығы – 5 см, сағақ ұзындығы 14 см.

Маусымның басында вегетативтік мүшелердің өсуі ары қарай жалғасып, сағақ ұзындығы – 15-16 см-ге жетеді. Жапырақ ені – 9-10 см, ұзындығы – 6 см-ге дейін жетеді. Дегенмен, биік тегеурінгүлдің жер үсті вегетативтік мүшелерінің дамуы, жапырақ санының көбеюі бағытында өтсе, жер асты



1 - сурет. Биік тегеурінгүл өсікінің дамуы  
(көкек-мамыр айының соңы)


вегетативтік мүшелерінің дамуы негізгі тамырдың тоныраққа тереңдей еніп, базалды бөлімінің жуандаймен тығыз байланысты. Негізгі тамырдың базалды бөлімі 1,5 см-ге дейін жуандай келе, тоныраққа 25 см-ге дейін тереңдеп енеді. Үш-бес ірі бірінші реттік жанама тамырлардың ұзындығы – 12 см, екінші реттік жанама тамырлар ұзындығы – 6 см жеткенімен, үшінші реттік жанама тамырлар өте сирек пайда болады. Сондықтан жылдың ыстық мезгілінің өсімдіктерді су мен минералдық заттар-

мен қамтамасыз ететін әлдекайда мықты жер асты вегетативтік мүшесі қалыптасады (2-сурет, А).

Маусым айының ортасында тамырдың дамуы жалғасып, 14 см терендікке дейінгі негізгі тамырдың базалды бөлімінде перфорация үрдісі айқын байқалып, топыраққа 32-34 см терендейді. Бұл кезде тамырдың дамуы ұзарып есіп, топыраққа тереңдеп енүімен сай болады. Жер үсті вегетативтік мүшелерінің осы кезеңде өсуі байқалмағанымен, монокарпты өркен қалыптасады (генеративтік кезеңнің алдындағы қалыптасу).

Маусымның сонында монокарпты өркеннің ұзындығы – 70-80 см-ге дейін жетіп, гүлшанақтары түзіледі. Осы кезде тамыр топыраққа 70 см-ге дейін тереңдеп, базалды бөлімінде шашақталған ұсақ жанама тамырлар реттік жанама тамырлар ұзындығы – 6-7 см болса үшінші реттік жанама тамырлар кездеспейді (2-сурет, Б).

Шілде айының бірінші жартысында гүлдеп,



2-сурет. Білік тегеурінгүлдің (*Delphinium elatum* L.) жер үсті және жер асты мүшелерінің дамуы. А – мамыр айының соны, Б – маусым айының соны


жеміс түзіледі. Осылай білік тегеурінгүл өсімдігінің дамуының бірінші жылы аяқталады.

Ақезу бөргі (*Aconitum leucostomum* Worosch.) көкек айының ортасында үш бөлімді екінші рет телімді тамыр мойныны жапырағының ұзындығы – 1,5 см, ені 2 см-ге дейін жетсе, сағағының ұзындығы – 4 см. Эпикотиль ұзындығы – 4 см, гипокотиль ұзындығы – 0,7 см, мезокотиль анық байқалмайды. Негізгі тамырының ұзындығы – 3,5-5 см (3-сурет, а, б). Алғашқы нағыз жапырақ шығысымен ұзындығы 1,5 см болатын 5-6 жанама тамырлар дамиды. Мұндай жанама тамырлардың көптеп түзілуі өсімдіктің топырақтағы ылғал мен минералдық заттарды қарқынды сініруге бағытталған даму стратегиясы болып табылады. Осы кездегі өскіннің негізгі тамырының ұзындығы 6-6,5 см, жапырақ

сағағы 5,5 см, жапырақ ені 2,5 см, ұзындығы 1,5 см болады (3-сурет, в).

Мамырдың ортасында кейбір дарактарда екінші жапырақ есіп шығып, жанама тамырлардың саны артып, ұзындығы – 0,5-0,6 см болатын 5-7 екінші реттік жанама тамырлар және ұсақ үшінші реттік жанама тамырлар түзіледі (3-сурет, г). Көптеген жағдайда жанама тамырлардың дамуы негізгі тамырдан артып, шашақ тамыр жүйесі қалыптасады. Осы кезде жапырақ қөлемі ұлғайып, ені – 5,5 см, ұзындығы 3 см-ге жетеді.

Мамыр айының сонында вегетативтік мүшелер есіп, жапырақ сағағы 14-15 см, жапырақ ені – 9 см,




3-сурет. Ақезу бөргінің өскіннің дамуы (көкек-мамыр айының соны)

ұзындығы – 4,5-5 см болады. Тамыр топыраққа 10 см терендеп еніп, бірінші реттік жанама тамыр 5,5-6 см, екінші реттік жанама тамыр 3,5 см, үшінші реттік жанама тамыр 0,6-0,7 см-ге дейін ұзарады (3-сурет, д-е). Жанама тамырлар саны арта түседі. Осы кезде негізгі тамырдың торлы құрылсының сипаты яғни аконитоидты құрылым ерекшеліктері анық байқалады. Бұл құбылыс тамыр қабығының паренхимасында меристемалық жасушалар түзіліп, қабықты жарып шықпай жанама тамырлардың эндогендік өсу жүретіндігін көрсетеді (4-сурет, А).

Маусым айының ортасында жапырақ ұзындығы – 10,5-11 см, ені – 18-19 см, жапырақ сағағының ұзындығы – 40 см-ге дейін жетеді. Тамыр жүйесі

топыраққа 40 см дейін терендейді, 8 см терендейкте оның базалды бөлімінде шұғыл бұтақтану байкалады. Бірінші реттік жанама тамыр ұзындығы 15 см, екінші реттік жанама тамыр ұзындығы – 5–6 см, үшінші реттік жанама тамыр ұзындығы – 1,5–2 см-ге жетеді. Осыған байланысты, ақезу бәрпінің жер асты вегетативтік мүшелерінің дамуы биік тегеурінгүлдегі сияқты негізгі тамырдың топыраққа терендереп бойлауы арқылы емес, жанама тамырлардың көптеп түзілуі бағытында жүретіндігін тұжырымдаймыз. Мұндай тамыр жүйесінің дамуындағы ерекшеліктер екезу бәрпінің ылғалы мол және инсоляция дәрежесі төмен орман бірлестігінің аланқайларында және биік бұта-қараған арасында тіршілік етуіне байланысты (4-сурет, Б).



4-сурет. Ақезу бәрпінің тамыр жүйесінің қалыптасуы және жапырағы. А – мамыр айының соны, Б – маусым айы

Маусымның соында тамыр мойнындағы жапырақтардың көлемі – 25x15 см, сағақ ұзындығы 95–98 см-ге дейін жетіп, биіктігі – 150 см монокарпты өркен дамиды. Бір жылдық өркеннің гүлшоғырының ұзындығы – 15–17 см болады. Бұл кезеңдегі есімдіктің тамырының ұзындығы – 50–55 см болып, базалды бөлімінен ұзындығы – 20–22 см бірінші реттік, 15 см екінші реттік; және 4–5 см үшінші реттік жанама тамырлар жетіледі. Осылайша есімдіктің есікінен генеративтік кезеңге дейінгі даму циклі етеді.

Биік тегеурінгүл (*Delphinium elatum* L.) мен ақезу бәрпінің (*Aconitum leucostomum* Worosch.) бірінші жылғы даму ырғағы негізінен ұқсас келеді. Дегенмен, биік тегеурінгүл ақезу бәрпіге қарағанда күн

көзі мол түсетін ашық, топырактағы ылғал мөлшері төмен жағдайда тіршілік ететіндіктен, негізгі тамыры қарқынды дамып, топыраққа терендей еніп, кіндік тамыр жүйесі қалыптасады. Орман саясында және биік бұтақараған арасында ылғалы мол жерлерде өсетін ақезу бәрпінің негізгі тамырынан өспін шыққан өте көп мөлшердегі жанама тамырлар шашак тамыр жүйесі түзіледі. Олар топырактың беткі қабатында орналасады. Осының інтижесінде биік тегеурінгүлдің (*Delphinium elatum* L.) негізгі тамыры жанама тамырларға қарағанда қарқынды дами келе, кіндік тамыр жүйесі қалыптасады да топыраққа терендереп енеді. Ал ақезу бәрпінің (*Aconitum leucostomum* Worosch.) тамыр жүйесінің сініру беті жанама тамырлардың көптеп түзілуімен тығыз байланысты.

Көп жылдық өсімдіктердің гүлдеуі мен жеміс түзуі шілденін бірінші жартысында аяқталатын болса, атальмыш өсімдіктердің даму циклінің бірінші жылы тамыз айында генеративтік мүшелердің түзілуімен аяқталады.

Өсімдіктердің тұқым қуалаушылық қасиеттеріне байланысты даму айырмашылықтары олардың таралған сыртқы орта жағдайларына сәйкес қалыптастындығын көрсетеді.

### Резюме

Рассматривается цикл развития живокоста высокого (*Delphinium elatum* L.) и борца белоустого (*Aconitum leucostomum* Worosch.) от семени до генеративного периода. Динамика развития проростков этих видов протекает приблизительно аналогично. Но у живокоста высокого главный корень развивается быстрее и, углубляясь в почву, образует стержневую корневую систему, а у борца белоустого увеличение поглощающей поверхности корневой системы происходит за счет нарастания бокового корнеобразования и корневая система приобретает стержнево- слабомочковатый тип.

### Summary

In this article considering the cycle development of the *Delphinium elatum* L. and the *Aconitum leucostomum* Worosch. From shoots up to the generative period. Dynamics of development sprouts of these species going approximately similarly. But the main root at *Delphinium elatum* developing faster and going deep in ground, forms pivot root system, and at the *Aconitum leucostomum* an absorbing surface of root system occurs due to increase lateral root forming and the root system gained pivot- weakly fibrous type.